

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Басқармасының шешімімен  
(2015 жылдың 10 қарашасындағы  
№ 125 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2015 жылдың 10 қарашасынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## Шетел валюталары нарығының индикаторларын есептеу ӘДІСТЕМЕСІ

---

Алматы қ.

2015

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

### **1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2018 жылдың 17 тамызындағы № 86 отырыс хаттамасы);
- 2018 жылдың 10 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілген.

### **2. № 2 өзгертулер:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2019 жылдың 06 маусымындағы № 66 отырыс хаттамасы);
- 2019 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілген.

### **3. № 3 өзгертулер:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылдың 12 тамызындағы № 86 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 18 тамызынан бастап қолданысқа енгізілген.

Осы Әдістеме "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) шетел валюталары нарығы индикаторларының тізбесін және оларды есептеу тәртібін анықтайды.

### 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Әдістемеді Биржаның басқа ішкі құжаттарымен анықталған ұғымдар қолданылады.
2. Осы Әдістеменің мақсаттары үшін:
  - 1) шетел валюталары деп сауда-саттықтары Биржада оның ішкі құжаттарына сәйкес өткізілетін шетел валюталары түсініледі;
  - 2) мәмілелер деп Биржа өткізетін сауда-саттықта USDKZT\_TOM қаржы құралымен жасалған мәмілелер түсініледі *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2019 жылдың 06 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Биржа шетел валюталары нарығының келесі индикаторларын есептейді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 06 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) Нұр-Сұлтан қаласы уақытымен сағат 11.00-де қазақстандық теңгеге АҚШ долларының орташа сараланған бағамы;
  - 2) Нұр-Сұлтан қаласы уақытымен сағат 15.30-да қазақстандық теңгеге АҚШ долларының орташа сараланған бағамы;
  - 3) сауда-саттық күнінің қорытындысы бойынша қазақстандық теңгеге АҚШ долларының орташа сараланған бағамы.
4. Осы Әдістемеді пайдаланылатын терминдер Биржаның басқа ішкі құжаттарында, қызметтік құжаттамада, Биржаның хат алмасуында және биржалық ақпаратта да қолданылуы мүмкін.
5. Осы Әдістемеге өзгертулер және/немесе толықтырулар осы өзгертулер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын Биржаның ресми интернет-ресурсында орналастырылуға (жариялануға) жатады.

### 2 тарау. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫН ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

6. Шетел валюталары нарығының индикаторларын есептеу осы Әдістеменің 10-13 тармақтарына сәйкес жұмыс күндерінде<sup>1</sup> күн сайын жүзеге асырылады.
7. Шетел валюталары нарығының индикаторларын есептеу кезінде:
  - 1) валюталық своп операцияларына қатысты (Биржада бар ақпарат бойынша) мәмілелер параметрлері пайдаланылмайды;
  - 2) ашық сауда-саттық әдістерімен жасалған мәмілелердің параметрлері ғана пайдаланылады.
8. *(Бұл тармақ Биржа Басқармасының 2018 жылдың 17 тамызындағы шешімімен алынып тасталған)*.
9. Шетел валюталары нарығы индикаторлары мәндерінің тиісті нарықтың объективті сипаттамаларына барабарлығын қамтамасыз ету мақсатында осы мәндерді Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитет түзетуі мүмкін. Мұндай түзетудің шарттары мен тәртібі осы Әдістеменің 3 тарауында анықталған *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 12 тамыздағы шешімімен өзгертілген)*.
10. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2019 жылдың 06 маусымдағы шешімімен алынып тасталған)*.

---

<sup>1</sup> Жұмыс күндері деп Қазақстан Республикасындағы жұмыс күндері түсініледі.

11. Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 11.00-ге қазақстандық теңгеге АҚШ долларының орташа сараланған бағамын есептеу үшін осы индикаторды есептеу күні сауда-саттық күні басталғаннан бастап Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 11.00-ге дейінгі кезеңде жасалған мәмілелер параметрлері пайдаланылады.

Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 15.30-ға қазақстандық теңгеге АҚШ долларының орташа сараланған бағамын есептеу үшін осы индикаторды есептеу күні сауда-саттық күні басталғаннан бастап Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 15.30 сағатқа дейінгі кезеңде жасалған мәмілелердің параметрлері пайдаланылады.

Сауда-саттық күнінің қорытындылары бойынша АҚШ долларының қазақстандық теңгеге шаққандағы орташа сараланған бағамын есептеу үшін осы индикаторды есептеу күні сауда-саттық күнінің басынан бастап Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 17.00-ге дейінгі кезеңде жасалған мәмілелердің параметрлері пайдаланылады.

Шетел валюталары нарығының индикаторларын есептеу осы Әдістеменің 12 тармағында белгіленген формула бойынша жүзеге асырылады.

Қандай да бір жұмыс күні бірінші, екінші немесе үшінші абзацта белгіленген кезеңде USDKZT\_TOM құралымен мәмілелер жасалмаса, онда осы күні шетел валюталары нарығының тиісті индикаторы есептелмейді.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2018 жылдың 17 тамызындағы және 2019 жылдың 06 маусымындағы шешімдерімен өзгертілді).*

12. Шетелдік валюталар нарығының индикаторы ретінде қазақстандық теңгеге АҚШ долларының орташа сараланған бағамының мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_d = \sum_{i=1}^n (V_i \times R_i) / \sum_{i=1}^n V_i, \text{ мұнда}$$

$R_d$  – бір АҚШ доллары үшін қазақстандық теңгедегі АҚШ долларының қазақстандық теңгеге шаққандағы орташа сараланған бағамы;

$n$  – осы Әдістеменің 11 тармағында белгіленген кезеңде жасалған АҚШ долларын сатып алу-сату мәмілелерінің саны *(осы абзац Биржа Басқармасының 2019 жылдың 06 маусымындағы шешімімен өзгертілген);*

$V_i$  –  $i$ -лік мәміленің көлемі АҚШ долларымен;

$R_i$  – бір АҚШ доллары үшін  $i$ -лік мәміленің теңгедегі бағасы.

13. Жариялау үшін индикаторлардың мәндерін дөңгелектеу математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейін екі таңбаға дейін жүргізіледі (беске дейінгі сандар нөлге дейін азаяды, ал бес және одан жоғары сандар онға дейін ұлғаяды).

### **3 тарау. ИНДЕКСТЕР МЕН ИНДИКАТОРЛАР БОЙЫНША КОМИТЕТТИҢ ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ АЙРЫҚША ӨКІЛЕТТІКТЕРІ**

*(Осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2021 жылдың 12 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*

14. Индекстер мен индикаторлар жөніндегі Комитет (бұдан әрі – Комитет) олардың есептерінен Комитеттің пікірі бойынша осы мәндерге негізсіз ықпал ететін (әсер еткен) мәмілелердің (мысалы, орындалмаған мәмілелердің; жасалуы кезінде сауда-саттыққа қатысушы техникалық қателіктер жіберген мәмілелердің; бағалары тиісті шетел валюталарының нарықтық жай-күйімен және/немесе нарық динамикасымен анық диссонансталатын, бұл олардың манипуляциялық табиғатын болжауға мүмкіндік беретін мәмілелердің) параметрлерін алып тастай отырып, шетел валюталары нарығы индикаторларының мәндерін түзетуге құқылы.

Комитет шетел валюталары нарығының сол немесе өзге индикаторының есебінен қандай да бір мәміленің (қандай да бір мәмілелердің) параметрлерін алып тастау туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы индикаторды тиісті қайта есептеу дереу жүзеге асырылады.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 12 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*

15. Комитет өзінің айрықша өкілеттіктерін осы Әдістеменің 14 тармағына сәйкес пайдаланған кезде оның отырысының хаттамасында осы өкілеттіктерді пайдалану себептері және Комитеттің осы өкілеттіктерге сәйкес қабылдаған әрекеттері көрсетілуі тиіс *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 12 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.

#### **4 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР**

*(Осы тарау Биржа Басқармасының 2018 жылдың 17 тамызындағы шешімімен енгізілген)*

16. Осы Әдістеменің орындалуы және оған өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу (өзектілендіру) үшін жауапкершілік Ақпарат және статистика департаментіне жүктеледі.
17. Осы Әдістеме қажеттілігіне қарай, бірақ үш жылда бір реттен сиретпей өзектілендіруге жатады.

Басқарма Төрағасының м.а.

Хорошевская Н.Ю.